

	қамтылған, өлшеуіштер бағалауы 4 баллға сәйкес келеді.	
Тәрбиеле нушілер дің білімдерімен бағалау	Тәрбие мен оқыту нәтижелеріне бағдарланған мазмұнға өлшемшрттар: Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлауға негіз болатын оқыту нәтижелерінің болуы туралы Талдау нәтижесі. Жаңаөзен қаласы бойынша білім бөлімінің ЖШС «Амирхан балабақшасы» балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына жүргізген мониторингтің әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысы жүргізілген 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылындағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін бағдарламалар мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес балалардың даму деңгейінің жағдайын зерттеуде барлық топтардың білім беру саласы бойынша құзыреттілікті игеру деңгейінің бастапқы, аралық, қорытынды жеке даму картасы толық жасақталған. «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салаларына негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын әр түрлі іс-шаралар ұйымдастыру және кіріктіру арқылы жүзеге асыру. Бағаланатын кезеңдегі талдауға арналған құжаттар: білім беру ұйымының бекітілген оқу жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі, бекітілген өтпелі тақырыптарға сәйкес перспективалық жоспарлары және циклограммалары оның ішінде есептік кезеңдегі интеллектуалды, спорттық, шығармашылық байқауларға қатысу нәтижелері. Тәрбиеленушілердің жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларын дамытуға бағытталған «Қатынас», «Денсаулық», «Шығармашылық», «Таным», «Әлеумет» білім беру салалары мазмұнын кіріктіру қамтамасыз етілген. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға балалардың өтпелі тақырыптарды жан-жақты зерттеуіне бағдарланған, дамытуға бағытталған циклограмма құрылған. Циклограммада Санитариялық қағидаларға талаптарына сәйкес балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібінің міндеттері, мазмұны және ұзақтығы сақталған. Балабақшада «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттермен кіріктіру Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие	